

1999 жылдың мамыры, маусымы үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша алдағы және мерзімі өткен төлемдерді өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 1 маусым N 690

Қазақстан Республикасының шетелдік несие берушілер алдындағы міндеттемелерін орындау, дефолт фактілеріне жол бермеу, сондай-ақ бұрын берілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бар мемлекеттік емес сыртқы заемдардың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 7 маусымдағы N 26-15/8347, 1993 жылғы 19 мамырдағы N 26-15/136, 1994 жылғы 29 маусымдағы N Ф22-3/42, 1995 жылғы 24 наурыздағы N Ф 22-3/3/4016, 1995 жылғы 9 тамыздағы N Ф-22-3/11, 1996 жылғы 23 қыркүйектегі N 001 және N 002, 1996 жылғы 2 қазандағы N 0000016, 1996 жылғы 19 қарашадағы N 0000019 мемлекеттік кепілдіктеріне және Әлембанк (бұрынғы Қазсыртқыэкономбанк) ұсынған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Австрия Федеральдық Қаржы министрлігінің арасындағы 1994 жылғы 19 желтоқсандағы Келісімге енгізілген өзгеріске сәйкес, шетел банктері шоттарының негізінде дәрменсіз заемшылар үшін алдағы және мерзімі өткен төлемдерді (1, 2-қосымшаларға сәйкес), сондай-ақ есептелген айыппұл сомаларын төлем жасалатын күнгі бағам айырмасының өзгеруін есепке ала отырып, 1999 жылғы арналған республикалық бюджетте "Несиелендіру" бөлімі бойынша көзделген қаражаттың шегінде төлейтін болсын;

2) заемшылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды пайдалану жөніндегі қызметіне қаржылық тексеріс жүргізсін және оларды пайдалану тәртібін бұзушылық фактілері анықталған жағдайда кінәлі адамдарды Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауапқа тарту мақсатында материалдарды құқық қорғау органдарына , с о т т а р ғ а б е р с і н .

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық полициясы комитеті банкроттық рәсіміне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша қаржылық міндеттемелерін атқармаған тұлғаларды өзге де жауапкершілікке тартуға дейін заңдарда белгіленген т ә р т і п п е н ш а р а л а р қ о л д а н с ы н .

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету жөнінде барлық қажетті

ш а р а л а р д ы

қ о л д а н с ы н .

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық полициясы комитеті мен "Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) қаржылық міндеттемелері республикалық бюджеттің есебінен атқарылған заемшыларға қатысты бөлінген мемлекеттік бюджеттік қаражатты қайтару жөнінде қабылданған шаралар мен олардың нәтижелілігі туралы ай сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат беріп
т ұ р с ы н .

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының

Үкіметінің 1999 жылғы

1 маусымдағы

N 690 қаулысына

1-қосымша

ЕСКЕРТУ. 1-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1089

қаулысымен.

Р 9 9 1 0 8 9 _

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес
сыртқы заемдарды өтеу бойынша мерзімі өткен төлемдердің
Сомасы

Заемшы	Төлем	Төлем	Төлем	
ұйым	валютасы	уақыты	сомасы	

Германия несие желісі			
"Ақмола Жаңа құрылыс	DM	13.10.98	40 570,53
индустрия ЖҰАҚ			
ҚР ІІМ ҚАЖД	DM	10.06.98	7 412, 21
ҚР ІІМ ҚАЖД	DM	01.08.98	831 763,32
ҚРІІМ ҚАЖД	EUR	01.12.98	865 242,50
		532 091,38	
		205 328,15	
		127 822,97	
ҚР ІІМ ҚАЖД	DM	01.02.99	1 825 339,32
Франция несие желісі			
"Батыс" ААҚ	EUR	06.04.99	20 642,11
Барлығы:	DM		6 444 827,80
	EUR		20 642,11

таблицаның жалғасы

Негізгі борыш	Проценттер	Басқалары
0,00	0,00	40 570,53
0,00	0,00	7 412,21

736 618,22	95 145,10	0,00	
1 665 088,46	0,00	0,00	
1 665 088,46	409 565,50	0,00	
1 522 367,12	302 972,20	0,00	
0,00	20 642,11	0,00	
5 589 162,26	807 682,80	47 982,74	
0,00	20 642,11	0,00	

Қазақстан Республикасының

Үкіметінің 1999 жылғы

1 маусымдағы

N 690 қаулысына

2-қосымша

ЕСКЕРТУ. 2-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1089
қаулысымен.

Р 9 9 1 0 8 9 _

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес
сыртқы заемдар бойынша алдағы төлемдердің

Сомасы

Заемшы ұйым	Төлем валютасы	Төлем уақыты	Төлем сомасы	
Австрия несие желісі				
"Фосфор" АҚ	USD	22.05.99	532 192,21	
"Фосфор" АҚ	USD	30.06.99	25 213,36	
Германия несие желісі				
"Тұран - Агро" фирмасы	EUR	01.06.99	269 077,13	
"Теплоприбор" АҚ	EUR	01.06.99	929 394,22	
"Ақмола Жаңа құрылыс индустрия ЖҰАҚ	EUR	30.06.99	2 425 719,04	
АҚШ несие желісі				
"Тағам" МАҚ	USD	15.06.99	1 959 024,09	
"Кендала" МАҚ	USD	15.06.99	11 794 712,02	
Барлығы:	USD		14 311 141,68	
	EUR		4 751 194,65	

таблицаның жалғасы

Негізгі борыш	Проценттер	Басқалары	
532 192,21	0,00	0,00	

0,00	15 900,00	9 313,36	
851 346,20	133 803,24	0,00	
0,00	141 854,82	0,00	
247 711,97	21 365,16	0,00	
833 537,12	95 856,80	0,00	
2 111 290,91	314 428,13	0,00	
1 651 268,86	307 755,23	0,00	
9 758 280,80	2 036 431,22	0,00	
11 941 741,87	2 360 086,45	9 313,36	
4 043 886,50	707 308,15	0,00	

Оқығандар:

Омарбекова А.

Қасымбеков Б.